


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МҰНАЙ – ГАЗ САЛАСЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ



2050 жылға дейінгі Қазақстан Республикасының даму стратегиясында үлкен орынды еліміздің мұнай - газ кешені алады

Мұнай - газ саласы Қазақстан Республикасының энергетикалық қуат көзінің екінші орында. Республиканың энергетикалық баланста мұнай - газ саласының негізгі үлесі көмір салаласынан кейін 18,6% және 14% құрайды

Суретте 1-газ- 14 % , 2- мұнай - 18,6% , 3- көмір 63,4 % , 4- гидроэнергия – 4,1 %

Мұнай-газ саласы экономиканың басқа салаларының дамуына жағдай жасайды. Олардың қатарына отандық энергетикалық, тасымалдау, машина жасау, химия және мұнай химиясы, жеңіл өнеркәсіп, авто жолдарын салу және тағы басқа салалар жатады. Көмірсутектің өте үлкен қорына ие. Қазақстанның дамуының жаңа сатысы негізінен осы мұнай-газ комплексінің дамуымен байланысты.

Республиканың мұнай-газ саласы негізінен төрт салаға бөлінеді:

- мұнай өндіру,
- мұнай өңдеу,
- газ өндіру,
- газ өңдеу.

Бұл салалар өзара байланысты, өйткені өндіру және өңдеу процесстері бірін-бірі толықтырады.

Статистикалық деректер

Барланған қордың көлемі бойынша, әлемде біздің ел мұнай бойынша 12-орында, газ конденсаты бойынша 15-орында, ол өндіру деңгейі бойынша 23-орында тұр.

Қазақстанның үлесіне әлемдік мұнай қорының 1,5 % келеді, мұнайдың алынатын қоры – 2,2 миллиард тонна, конденсат 690 млн. тонна және 2 трлн. м³ газ қоры бар.

Қазақстан Республикасында көмірсутек ресурстарының болжамдық көлемі 17 млрд. тонна мұнайды құрайды, оның 8 млрд. тоннасы Каспий теңізінің қазақстандық секторына тиеді.



ТМД және әлемдік масштабтағы елдердің арасынан Қазақстанның мұнай қоры бойынша алатын орны (2013 жылдың аяғы)

ТМД елдері	Дәлелденген қорлар, млрд. тонна	ТМД елдерінің масштабындағы дәлелденген қорлар үлесі, %	Әлемдік масштаб бойынша дәлелденген қорлар үлесі, %
1.Ресей	6.7	73.6	4.7
2.Қазақстан	1.1	12.1	0.8
3.Әзербайжан	1.0	11	0.7
4.Түрікменстан	0.1	1.1	0.1
5.Өзбекстан	0.1	1.1	0.1
6.ТМД-ның басқа елдері	0.1	1.1	0.1
7.ТМД елдері – барлығы	9.1	100	6.4
8.Қалған елдер	133.9	-	93.6
9.Әлемдік қорлар	143.0	-	100
Ескертпе-ВР statistical review of world energy мәліметтері			

Қазақстан Республикасы газ саласының ерекшеліктері— шикізат қорының құрылымынан басталады.

Каспий маңы ойпатын қосқанда Қазақстан газының жорамал ресурстары 6-8 трлн м³ бағаланады.

Бекітілген және қабылданаған мемлекеттік баланс А+В+С1 категориялы газ қоры 3,011 трлн м³ болып табылады.

Каспий маңы ойпаты кен орындарының арасында бұл категорияға тек 227 млрд м³ бекітілген қоры бар Қашаған кен орны жатады.

Мемлекет территориясында және жер қойнаууда газ қоры әркелкі таралған. Баланс қорының 64% Қарашығанақ және Теңіз кен орындарға (300 млрд м³ –тан жоғары газ қоры бар), ал 16% (100-300 млрд м³ газ қоры бар) Қашаған, Имаш және Жаңажол кен орындарда барланған.

Бұл кен орындар және басқалары Каспий ойраты маңайында таралған. Республиканың табиғи және ілеспе газдың дәлелденген қордың 90% Атырау, Ақтөбе, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарының жерінде таралған. Қазақстан Республикасының табиғи газдың қоры 1,84 млрд. тоннаны құрайды және сәйкесінше төртінші орында тұр, яғни Ресей, Түрікменстан және Өзбекстаннан кейін:

ТМД және әлемдік масштабтағы елдердің арасынан Қазақстанның табиғи газ қоры бойынша алатын орны (2013 жылдың аяғы)

ТМД елдері	Дәлелденген қорлар, млрд. тонна	ТМД елдерінің масштабындағы дәлелденген қорлар үлесі, %	Әлемдік масштаб бойынша дәлелденген қорлар үлесі, %
1	2	3	4
1.Ресей	47.57	84.7	30.7
2.Түрікменстан	2.86	5.1	1.8
3.Өзбекстан	1.87	3.3	1.2
4.Қазақстан	1.84	3.3	1.2
5.Украина	1.12	2.0	0.7
6.Әзербайжан	0.85	1.5	0.5
7.ТМД-ның басқа елдері	0.02	0.04	0.01
8.ТМД елдері – барлығы	56.14	100	36.2
9.Қалған елдер	98.94	-	63.8
10.Әлемдік қорлар	155.08	-	100

Ескертпе-ВР statistical review of world energy мәліметтері


Отандық эксперттер елдің мұнай-газ кешенінің табиғи-шикі әлуетіне жақсы баға берді.

ҚР Статистика Агенттігінің мәліметі бойынша, елдің көмірсутек қорлары 169 көмірсутек кен орындарын құрайды, соның ішінде 87 мұнай, 17 газ, 30 мұнай-газ, 25 мұнай және газ конденсатын, 20 мұнай конденсатын құрайды.

Қазақстанда мұнай қорлары 2.8 млрд. тонна мұнай мен 1.8 трлн. куб метр газ, ал жорамал бойынша 12 млрд. тоннаға жуық мұнай мен 3 трлн. куб метрге жуық газ бар.

Оның көп үлесі 12 өте үлкен кен орындарына келеді, сондай-ақ жартысы – Теңіз, Королевское және Қарашығанақ базаларында құрылған біріккен кәсіпорындарға тиесілі. Каспий теңізі шельфін және оның жағалауындағы зонаның болжам бойынша, мұнай көлемін 12 млрд тоннаға жуық бағалайды. Болашақта «Теңіз» және «Қарашығанақ» кен орындарынан жыл сайын 40 млн. тонна мұнай мен 30 млрд. куб метр газ өндіріледі деп болжамдалады.

Доля нефтяных месторождений в Казахстане (2008 год)



Тәуелсіз сарапшылардың бағасы

2025 жылға дейін әлемдік барланған мұнай қорының Қазақстанның үлесі 3,3%- дан 5,5%- ға дейін жоғарлауы мүмкін.

Қазіргі кезде, Мемлекеттік Комиссияның бекітілген Каспий теңізінің қазақстандық мұнайдың үлесінің қоры 4,8 млрд т немесе 35 млрд баррельді құрайды.

Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша 2010 жылы 63,4 млн т мұнай, 31,4 млрд м³ газ өндіру көлемі жоспарланса, 2015 жылы 150 млн т мұнай, газ өндіру көлемі 79,4 млрд м³ дейін, ал экспорт көлемі екі есеге өсуі жоспарлануда:


Республикада мұнай және газды өндірудің қазіргі және болжамдық көлемі

Мұнай және газды өндірудің жалпы көлемі,				
	Нақты	Болжау		
	2009 жылы	2011 жылы	2013 жылы	2015 жылға дейін
Мұнай, млн т	59,1	67,2	90,0	150,0
Газ, млрд. м ³	17,0	31,4	52,5	79,4 (40-45 – қайта айдау көлемін есептемегенде)
Ескертпе- ВР statistical review of world energy мәліметтері				

Қазіргі кезде Қазақстан экономикасының мұнай – газ саласынан тәуелділігі Жалпы Ұлттық Өнімнің (ЖҰӨ) 27 % және жиынтық экспорт көлемде – 56% құрайды. Мұнай-газ қызметінен салық төлемдері бюджетке төленетін төлемдердің 1/3 бөлігін құрайды.

Инвестициялар

Қазақстанның мұнай – газ саласына салынатын инвестициялар көлемі жылдан жылға көбеюде. Мәселен, 2013 жылы салалық жобаларға \$13 млрд инвестиция жұмсалған. Тәуелсіздіктен кейін, республиканың экономикасына \$70 млрд тікелей шетел инвестициялары тартылған, бұл Орта Азияға салынған шетел инвестициялардың 80% құрайды:



Жоғарыдағы диаграмманы талдай отырып, келесі тұжырым жасауға болады:

соңғы сегіз жылда мұнай – газ саласына салынған инвестициялардың көлемі \$58 млрд құрады.

Осыған сәйкес, 2012 жыл осы салаға \$13,09 млрд, ал 2013 жылы \$14,35 млрд салынған.

2013 жылғы шикізатты өндіру саласына салынған инвестициялар 2005 жылмен салыстырғанда 4,8 есеге өсті.

Соңғы 10 жылда табиғат байлықтарын өндіруге салынған инвестициялардың 87% мұнай – газ саласына тиеді.

Қазақстан Республикасының мұнай өнімдеріне ішкі қажеттіліктері мұнайды өндіру көлемімен салыстырғанда өте аз мөлшерде, сондықтан республиканың мұнай – газ саласы көбінесе экспортқа бағытталған: сыртқы нарыққа мұнай көлемінің 90% бағытталады. 2013 жылы Қазақстан экспортқа 60,8 млн тонна мұнайды шығарған, бұл көрсеткіш 2012 жылмен салыстырғанда 6,5 есе көп.

Отандық мұнай – газ шикізаты бірнеше ерекшеліктерге ие:

- мұнай - газ қорының игеріліп жатқан қорының 50% қиын әдіспен өндіріледі. Оның басым бөлігінің өндірілу мөлшері кемуде;
- мұнай - газ ресурсының негізгі көлемі алынуы қиын болған тұзды қатармен байланысты болып келеді. Каспий маңы ойпатының күрделі коллекторлық қасиеттерге ие болған кеніш орындарының құрамы күкіртті сутегі мен көмірқышқыл газының көлемімен сипатталады;
- көптеген газ кеніштері майда кеніш санатына жатады, олардың жалпы қоры барлық қордың 1,5% аспайды